

«6D020600-Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Тунгатова Улжан Асқарбаевнаның «Қазақстандағы дінтанулық білім берудің қазіргі жағдайы және даму перспективалары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ШКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	<p>Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі</p>	<p>1.1 Ғылымның даму және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның ағауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның ағауы);</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-</p>	<p>Диссертация жұмысының тақырыбы еліміздегі ғылымның даму басымдықтарының ішінен – 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге және арнайы мамандандырылған бағыттардың ішінен – 7.2 Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер: 7.2.6 Қоғамды жаңғырту жағдайындағы тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, дәстүр мен құндылықтардың ортақтығы бабына сәйкес келеді.</p> <p>«6D020600-Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландырылған докторантура аясында әзірленген диссертация жұмысы.</p> <p>Диссертация нақты мемлекеттік бағдарлама аясында орындалмаған.</p> <p>Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен еліміздегі ғылым дамуының 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер бағытына және оның ішінен - 7.1. Қоғамдық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер: 7.1.3. Әлеуметтану, саясаттану, дінтану, археология, тарих, гуманитарлық география, этнология, этносаясат, конфликтология, гуманитарлық география, этносаралық</p>

	техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	қатынастар және этноконфессиялық қатынастардың өзекті мәселелері мамандандырылғанғылыми бағытына сәйкес келеді.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Аталмыш диссертациялық жұмысының ғылымға қосар үлесі анық. Ғылыми зерттеуде дінтанулық білімнің қалыптасуы мен тарихи эволюциясы, заманауи дінтанулық білімнің діни сауаттылықты қалыптастырудағы рөлі, олардың қазіргі қазақстандық діни санадағы орны мен қызметі айқындалған. Әсіресе, автор дінтанулық білімнің әдіснамалық және әдістемелік негіздеріне ерекше назар аударады. Ізденістің тақырыбы, жоспар-құрылымы, жүйелі мазмұны, ғылыми деңгейі мен теориялық маңыздылығы осындай түйінге негіз бола алады. Қол жеткізген ғылыми нәтижелер мен қорытынды тұжырымдар, өзектілігі, нақтылығы, шынайылығы, заманауи қазақстандық қоғамдағы қажет ететін зерттеу көкейкестілігі диссертациялық жұмыстың маңыздылығын айқындай түседі.
3.	Өзі жазу принципі	Автордың жұмысты өзі жазу деңгейі жоғары, өзіндік баяндау стилі, яғни қолтаңбасы анық байқалады. Сөз саптауы, объективтік өзіндік бағалай білуі, түйін-тұжырымдарындағы өзіндік сипаты, баяндау стилі, логикалық қисындылығы мен жалғастығы бұған дәлел бола алады. Ізденушінің маманданған саласындағы негізгі ұғымдар мен категориялық апаратты жақсы пайдаланатындығы және келтірген тұжырымдамалары дінтанулық сараптамалық талдау деңгейінде жеткізуі автордың ғылыми деңгейі мен тақырыпты толыққанды меңгергендігін байқатады. Автор әр тараудағы жекелеген мәселелерді зерттеуде түрлі дереккөздерін пайдалана отырып, өзіндік тұжырымдамалар жасайды.
4.	Ішкі бірлік принципі	Диссертация жұмысының өзектілігі терең, егжей-
		4.1 Диссертация өзектілігінің

<p>негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. 	<p>тегжейлі және жан-жақты, кешенді түрде негізделген. Қазақстанның дінтанулық ғылымы аясында дінтанулық білім мәселесін тарихи және дінтанулық әдістер арқылы арнайы әрі кешенді түрде зерттеуге тұңғыш рет қадам жасаудың өзі диссертация өзектілігінің басты негіздемесі және тақырыптың отандық ғылымның теориялық және қоғам өміріндегі сұраныстарға жауап беретін, күн тәртібіндегі практикалық мәселе екенін айғақтайды. Еліміздегі діни ахуал мен оның қоғам мүшелеріне әсері, заманауи қоғамның дамуындағы діни фактор, діни сауаттылықты қалыптастырудағы дінтанулық білімнің маңыздылығы мен оның білім беру жүйелеріндегі әдіснамалық және әдістемелік-педагогикалық негіздерін ашу, алдағы даму перспективаларын жүйелі қарастыру тұрғысынан зерттеу нысаны өзекті, мақсат-міндеттерінің айқындығы күмән туғызбайды.</p>
<ol style="list-style-type: none"> 4.2 Диссертация мазмұны <p>диссертация тақырыбын айқындайды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды. 	<p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын толықтай айқындайды. Тақырыптың негізгі арқауы және оның мәтінде баяндалуы оның дінтанулық ғылымда және қазіргі қоғамда үлкен теориялық және практикалық маңызы бар мәселе екендігін көрсетеді. Қазіргі кезеңдегі отандық және әлемдік тәжірибеде дамыған дінтанулық білімнің негізгі тұжырымдамаларын сараптауда, қарастырылған модельдердің кемшілігі мен шектеулерін анықтауға бағытталған; сонымен қатар қоғамымыздағы дінтанулық және діни білім берудің маңыздылығы мен мәртебесін анықтауға мүмкіндік береді, сондай-ақ белгілі бір дәрежеде болашақта оның өзгеру тенденцияларын болжайды. Осы ретте, дінтанулық білім мәселесі диссертацияда жан-жақты қарастырылған және оның даму перспективаларына жүйелі ұсыныстар</p>

		<p>келтірілген.</p>
	<p>4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертациятақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді. 	<p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына сәйкес келеді. Автор қазіргі Қазақстандағы дінтанулық білім берудің өткені мен қазіргі күйін саралай отырып, болашақтағы даму перспективаларына қатысты тұжырымдар жасауды мақсат етіп қояды. Диссертацияның мақсаты мен міндеттері қойылған мәселеге сәйкес анықталған. Дінтанулық білімнің қалыптасу тарихы мен дамуын зерттеу аясында дін туралы ғылым мен дінтанулық білімнің теориялық-әдіснамалық негіздерін қарастыру; дінтанулық білімнің шетелдік тәжірибесін дінтанулық білім беру саласындағы оқу бағдарламаларын зерттеу мен салыстырмалы талдау негізінде пайымдау; қоғамдағы толеранттылықты, толерантты қарым-қатынас жүйесін қалыптастырудағы дінтанулық білім берудің рөлін негіздеу; қазақстандағы дінтанулық білім берудің тарихи қалыптасуын зерттеу аясында қазақ даласындағы мектеп-медреселердегі білім беру ерекшеліктерінің әлеуметтік-мәдени және тарихи қалыптасу жағдайларын зерттеу; Қазақстанның орта және арнайы орта білім беру жүйесіндегі дінтанудың орнын анықтап, ерекшеліктерін талдау; зайырлылық ұстанымдарды жеткізуші ретіндегі дінтану оқытушысының тұлғасын сараптау; тәуелсіз Қазақстан ғылымының жаңа бағыты ретіндегі дінтанудың қалыптасу тарихы мен қазіргі жағдайына талдау жасау; Қазақстандағы дінтанулық білім мәселесін жоғары оқу орындарындағы дінтанулық білім беру және кадр даярлау мәселелерінің шешу жолдарын жетілдіру және оны жүзеге асыру тәжірибесін сараптау негізінде зерттеу; дін саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырудың маңызды механизмдерінің бірі ретінде дінтанулық білімнің тиімділігі мен даму</p>

		<p>перспективаларын негіздеу сынды міндеттер диссертациялық жұмыстың мазмұнын ашуда арқау болады.</p> <p>Диссертация жұмысында ғылыми методологиялық принциптердің тұтастығы сақталған. Диссертация жұмысының мазмұнына орай барлық бөлімдері мен логикалық құрылымы нақты келтірілген. Барлық қағидалар мен ғылыми нәтижелер өзара сабақтастықта логикалық қисындылықта негізделген. Диссертация жұмысы кіріспеден, тоғыз бөлімшелерге бөлінген үш тараудан, қорытындыдан, дереккөздерден тұрады және олар арнайы талаптарға сәйкес негізделген. Автор бірінші тарауда дінтанулық білімнің қалыптасу тарихына шолу жасаса, екінші тарауда Қазақстанның орта және арнайы білім беру мекемелеріндегі білім беру жүйелерін қарастырады. Ал үшінші тарау Қазақстанның жоғарғы оқу орны жүйесіндегі дінтанулық білімге сараптама жасауға бағытталған. Жоспар ғылыми ізденіс нысанына сәйкес құрылған, жүйелі пайымдалған және ол диссертация мәтінінде айқын сипатқа ие болған.</p> <p>Автор диссертациялық жұмысын толықтай сыни талдау тұрғысынан орындаған. Әсіресе, мәселені теориялық-әдіснамалық жағынан негіздеу кезінде отандық және шетелдік идеялар мен дереккөздерге дінтанулық талдау жасайды. Іргелі зерттеулердегі ойтолғамдар ізденушінің ой-елегінен, сындарлы көзқарас сүзгісінен өткізе отырып, қазіргі кезеңдегі отандық және әлемдік тәжірибеде дамыған дінтанулық білімнің негізгі тұжырымдамаларын сараптауда, қарастырылған модельдердің кемшілігі мен шектеулерін анықтауда жан-жақты сыни талдау жасап отырады.</p>
<p>5. Ғылыми жаңашылдық принципі</p>	<p>4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ.</p> <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген.</p> <p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидағтар жаңа болып табыла</p>	<p>Диссертациялық жұмыстағы нәтижелер мен қағидағтар толығымен жаңа болып табылады. Ізденуші зерттеу</p>

	<p>ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75 % жаңа болыптабылады); 3) жаңа емес (25 % кем жаңа болыптабылады).</p>	<p>жұмысының алдына қойған мақсат-міндеттерін жүзеге асыру барысында дінтанулық білімнің тарихи қалыптасу негіздеріне сүйене отырып, шетелдік және отандық дінтанулық білім беру жүйелеріне өзіндік сараптама жасайды. Дінтанулық білім берудегі кейбір мәселелер жаңа қырынан қарастырылып, қағидағтардың жаңашылдығын айғақтайды. Өсіресе (жоғарғы және жалпы білім беру) мектептері идеология шеңберіндегі мемлекеттік саясатты жүзеге асырушы механизм ретінде қарастырылуы, зайырлылық ұстанымдарды жеткізуші ретіндегі дінтану оқытушысының тұлғасына сипаттама жасауы, дін саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырудағы дінтанулық білімнің тиімділігі және даму перспективалары қарастыруда қағидағтар толықтай жаңашылдығымен сипатталады.</p>
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңабылып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75 % жаңа болыптабылады); 3) жаңа емес (25 % кем жаңа болыптабылады).</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Әрбір тарау бойынша жасалған қорытындылар тұжырымдалған. Дінтанулық білім берудегі басты әдіснамалық негіз: ғылымилық, яғни объективтілік және дүниетанымдық бейтараптылық – білім алушының бойында белгілі бір дінге деген бағамдық қатынасты қалыптастырмай, зайырлылық принципінің сақталуын көздеу болып табылатындығы дәлелденді. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес алынған қорытындылар негізінде автор, дінтанулық білімге қатысты бірнеше маңызды ұсыныстар да келтіреді. Ізденушінің дәйектелген қорытындысының деңгейі жоғары және жеткілікті негізделген.</p>
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p>	<p>Диссертация жұмысының тақырыбы, зерттеу нысаны әлеуметтік-гуманитарлық ғылым бағытында орындалған. Дегенмен техникалық, технологиялық, экономикалық салаларға тікелей қатысы болмағанымен ізденушінің ғылыми нәтижелерін, қорытындыларын</p>

		<p>2) жартылай жаңа (25-75 % жаңа болыптабылады);</p> <p>3) жаңа емес (25 % кем жаңа болыптабылады).</p>	<p>еліміздегі қазіргі діни ахуал және діни қауіпсіздік мәселелерін шешуде, сонымен бірге ұлттық мүддеге қайшы келетін деструктивті діни ағымдарды ажыратуға, діни сананың дұрыс бағытта қалыптастырудағы дінтанулық білімнің рөлін көрсету арқылы этно-конфессионалды қақтығыстарға жол бермеу тұрғысындағы шешімдердің ғылыми арқауын нығайта түсуде қолдануға болады. Осы ретте ізденушінің ұсынылған шешімдердің бәрі жаңа және олар ізденістің өне бойындағы теориялық талдаулар мен дәйекті тұжырымдар арқылы толығымен жаңадан негізделген. Зерттеу жұмысында толеранттылықты қалыптастырудағы дінтанулық білім берудің рөлі, мен Тәуелсіз Қазақстанның ғылымының жаңа бағыты ретіндегі орта және жоғары оқу орындарындағы дінтануды оқытудағы кейбір шиеленісті мәселелері, дін саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырудағы дінтанулық білімнің тиімділігі және даму перспективалары дінтанулық тұрғыда терең бағамдалуы отандық әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың теориялық және тәжірибелік маңызына өзіндік үлес қосады және осы арнадағы зерттеулерге бастамашы болады.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны мен құрылымы тақырыпқа сәйкестендірілген, әрбір тараудағы мәселелер тереңнен талданып, Қазақстандағы дінтанулық білімнің қажеттілік факторлары, әдіснамалық негіздері, кемшіліктері мен перспективалары жан-жақты қарастырылып, жасалған қорытындылар ауқымды дәлелдемелерге негізделген, әрі толық тұтастыққа ие болған.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағида	<p>Әр қағида бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағида дәлелденді ме?</p>	<p>7.1 Негізгі қағида толық дәлелденген. Диссертация көлемінде автор 9 негізгі қағида ұсынады. Бұл қағида әрбір тараудағы зерттеу</p>

1) дәлелденді;

2) шамамен дәлелденді;

3) шамамен дәлелденбеді;

4) дәлелденбеді.

7.2 Тривиалды ма?

1) ия;

2) жоқ.

7.3 Жаңа ма?

1) ия;

2) жоқ.

7.4 Қолдану деңгейі:

1) тар;

2) орташа;

3) кең.

7.5 Мақалада дәлелденген бе?

1) ия;

2) жоқ.

жұмысының нәтижесінен туындаған.

7.2 Әр қағида тривиалды емес саналады. Автор әрбір қағидақты сараптап, жан-жақты қырынан қалыптастыра отырып, практикалық маңыздылығымен ұптастыра білген.

7.3 **Мейлінше жаңа.** Негізгі қағидағардың барлығы жаңа деп бағаланады. Бірінші қағидада автор дінтанулық білімнің қалыптасу тарихы мен дамуын зерттеу аясында дін туралы ғылым мен дінтанулық білімнің теориялық-әдіснамалық негіздеріне талдау жасайды; екінші қағидада дінтанулық білімнің шетелдік тәжірибесін дінтанулық білім беру саласындағы оқу бағдарламаларын зерттей отырып, салыстырмалы пайымдар жасайды; үшінші қағидада - қоғамдағы толеранттылықты, толерантты қарым-қатынас жүйесін қалыптастырудағы дінтанулық білім берудің рөлін ашып көрсетеді; төртінші қағидада мектеп-медреселердегі білім беру ерекшеліктерінің әлеуметтік-мәдени және тарихи қалыптасу жағдайларын сипаттайды; бесінші қағидада Қазақстанның орта және арнайы орта білім беру жүйесіндегі дінтанудың орнын анықтап, ерекшеліктерін талдауға негізделген; алтыншы қағидада зайырлылық ұстанымдарды жеткізуші ретіндегі дінтану оқытушысының тұлғасын сараптайды; жетінші қағидада Тәуелсіз Қазақстан ғылымының жаңа бағыты ретіндегі дінтанудың қалыптасу тарихы мен қазіргі жағдайына талдау жасайды; сегізінші қағидада қазіргі қазақстандық қоғамдағы көкейкесті мәселенің бірі - жоғары оқу орындарындағы дінтанулық білім беру және кадр даярлау мәселелерінің шешу жолдарын жетілдіру және оны жүзеге асыру тәжірибесін сараптау негізінде зерттеуге бағытталған; тоғызыншы қағидада

			<p>дінтанулық білімнің тиімділігі мен даму перспективаларын негіздеуден тұрады. Барлық ұсынылған қағидағтар жаңа әрі маңызды.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кен. Диссертациядағы қағидағтардың теория мен практикадағы қолданылу деңгейіне «кен» деген баға береміз. Ғылыми нәтижелерді орта және арнайы білім беру жүйлерінде дінтанулық пәндерді және факультативтерді өткізу барысында әдіснамалық негіз ретінде пайдалануға, жоғары оқу орындарында философия, дінтану, тарих, мәдениеттану және т.б. оқытуда, жастардың діни сауаттылық деңгейін көтеру бағытында, дін саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырудағы әдіснамалық және әдістемелік негіз, әрі нұсқаулық ретінде пайдалануға болады.</p>
8.	Дәйектілік Дереккөздер ұсынылған дәйектілігі	принципі. мен ақпараттың	<p>7.5 Диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері мен қорытындылары 9 ғылыми мақалада көрініс тапты. Оның көлемінде: 4 ғылыми мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдар тізінде жарияланды; 1 ғылыми мақала SCOPUS халықаралық дереккөздерде тіркелген басылымда жарияланды; 4 ғылыми мақала халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары жинағында шығарылды. Жарияланған мақалалар жүргізілген жұмыстың мазмұнына толық сай келеді.</p>
8.1	Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:		<p>Ізденістің методологиясы нақты, дәлелді, дәйекті, іргелі. Дінтанулық тұрғыда терең зерттеу деп санауға болады, яғни, зерттеу жұмысы деректемелік негіздерді нысанаға алуға өзіндік методологиялық ерекшеліктерге сүйенген. Ізденуші тақырыпты ашуда тарихилік, жүйелік, компаративистикалық салыстырмалы талдау, ретроспективті және т.б. әдістерді тиімді пайдаланумен қатар сауалнама, бақылау, интервью сынды</p>

<p>эмпирикалық әдістерді де кеңінен қолданады.</p> <p>Иә. Диссертация жұмыста далалық зерттеулердің нәтижелері диаграмма, схема түрінде ұсынылады. Жалпы зерттеу нәтижелерінің компьютерлік технологияларды қолдану арқылы сауалнамалық зерттеу нәтижелері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынғаны анық аңғарылады.</p>	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ.</p>	
<p>Диссертациялық жұмыста келтірілген барлық теориялық қорытындылар мен тұжырымдар эмпирикалық мәліметтермен, далалық зерттеулер нәтижелерімен дәлелденген және негізделген. Автор зерттеу аясында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнін оқыту жағдайына талдау жасау мақсатында әлеуметтік сауалнама жүргізеді. Бұл зерттеу бойынша замануи деректерді интерпретациялау әдістемелерін пайдаланғаны байқалады. Осыған орай, бұл талап бойынша бағалау «иә» деген жауапқа толық сәйкес келеді.</p>	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және зерттеулермен эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді):</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ.</p>	
<p>Диссертациялық жұмыста келтірілген барлық теориялық қорытындылар мен тұжырымдар эмпирикалық мәліметтермен, далалық зерттеулер нәтижелерімен дәлелденген және негізделген. Аталмыш диссертациялық тақырыптың зерттеу объектісі болып тұрғанына қарамастан, отандық, ресейлік және шетелдік зерттеулердің негізіндегі ізденістің әр тарауындағы іргелі ғылыми әдебиеттерге жасалған сілтемелерінен айқын аңғарылады. Сонымен қатар, автор дінтанулық талдау барысында білім саласына қатысты нормативтік-</p>	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	

	<p>құқықтық актілерге, мемлекеттік органдардың сауалнамалық зерттеу нәтижелеріне, статистикалық деректерге, мониторинг есептеріне де сілтеме жасап отырады.</p>		<p>құқықтық актілерге, мемлекеттік органдардың сауалнамалық зерттеу нәтижелеріне, статистикалық деректерге, мониторинг есептеріне де сілтеме жасап отырады.</p>
<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті / жеткіліксіз</p>	<p>Қолданылған дереккөздері әдеби шолу үшін жеткілікті. Автор зерттеу жұмысын жазу барысында 200 отандық, ресейлік және шетелдік зерттеушілердің жұмыстарына, сонымен қатар ресми сайттар дереккөздеріне сілтеме жасаған. Олардың барлығы тақырыпқа сәйкес келеді. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу үшін жеткілікті.</p>		
<p>9. Практикалық құндылық принципі</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызыбар: 1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>Диссертациялық зерттеудің теориялық маңызы жоғары. Себебі қазіргі діни қайта жаңғыру жағдайында, әртүрлі жат діни ағымдардың ықпалы жоғары деңгейде көрініс табуына байланысты, жастардың санасындағы объективтілік сипаттағы зайырлылық ұстаным аясындағы дінтанулық білімнің қажеттілігі сөзсіз. Сондықтан диссертациялық жұмыс дінтанулық білім беру мен оның перспективаларын жан-жақты зерттеуде дереккөз ретінде, әлемдегі және еліміздегі діни жағдайды саралауда, болжауда және түзетуде пайдалануға негіз бола алады. Сонымен қатар, әртүрлі деңгейдегі дінтанулық және діни білім берудің пәнаралық ерекшелігін зерттеу базасы қызметін атқарып, әлемдік тәжірибелердің ұтымды жақтарын пайдалану арқылы еліміздің білім саласындағы саясатына септігін тигізуі мүмкін. Сондықтан бұл жерде «иә» деген жауап беріледі.</p>	<p>Диссертациялық зерттеудің теориялық маңызы жоғары. Себебі қазіргі діни қайта жаңғыру жағдайында, әртүрлі жат діни ағымдардың ықпалы жоғары деңгейде көрініс табуына байланысты, жастардың санасындағы объективтілік сипаттағы зайырлылық ұстаным аясындағы дінтанулық білімнің қажеттілігі сөзсіз. Сондықтан диссертациялық жұмыс дінтанулық білім беру мен оның перспективаларын жан-жақты зерттеуде дереккөз ретінде, әлемдегі және еліміздегі діни жағдайды саралауда, болжауда және түзетуде пайдалануға негіз бола алады. Сонымен қатар, әртүрлі деңгейдегі дінтанулық және діни білім берудің пәнаралық ерекшелігін зерттеу базасы қызметін атқарып, әлемдік тәжірибелердің ұтымды жақтарын пайдалану арқылы еліміздің білім саласындағы саясатына септігін тигізуі мүмкін. Сондықтан бұл жерде «иә» деген жауап беріледі.</p>
	<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия;</p>	<p>Диссертация жұмысының нәтижелері дін саласындағы мемлекеттік саясаты аясындағы дінтанулық білім беру мәселелерін қарастыруда әдіснамалық және әдістемелік нұсқаулық материал ретінде қызмет ете алады. Сонымен қатар, дінтану және исламтану саласында студенттердің, магистранттардың,</p>	

<p>докторанттардың әртүрлі діндерді зерттеуге қатысты фундаменталды білімін кеңейту мақсатында лекциялық курстарға теориялық материалдар ретінде қолданылуы ықтимал. Сондықтан диссертациялық жұмыстың практикалық маңыздылығы ескере отырып «иә» деген баға беріледі.</p>	<p>2) жоқ.</p>	<p>докторанттардың әртүрлі діндерді зерттеуге қатысты фундаменталды білімін кеңейту мақсатында лекциялық курстарға теориялық материалдар ретінде қолданылуы ықтимал. Сондықтан диссертациялық жұмыстың практикалық маңыздылығы ескере отырып «иә» деген баға беріледі.</p>
<p>Практикалық ұсыныстары толығымен жаңа. Диссертациялық Қазақстандағы дінтанулық білімді зерттеуге бағытталған отандық дінтану ғылымы саласындағы алғаш рет жазылған ғылыми зерттеу болуының өзі құндылығымен сипаттала отырып, жаңа ізденістерге түрткі бола алады. Сонымен қатар, ізденушінің зерттеу нәтижелерін негізге ала отырып, өзіндік ұсыныстары да үлкен маңыздылыққа ие. Атап өтсек автор келесі ұсыныстарды білдіреді: еліміздің жоғары оқу орындарында дінтануды таңдау пәні ретінде енгізу; арнайы орта білім беру жүйесінде (колледждерде) міндетті блоктың компоненті ретінде дінтану пәнін енгізу; орайда «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнінің жеке пән болу мүмкіндігін қарастыру және сағаттар санын көбейту; дін істері басқармалары, әкімшіліктерде арнайы дінтану, исламтану, теология білім бағдарламаларын меңгерген түлектердің қызмет жасауына аса үлкен мән беру; Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің қаржылық қолдауымен конкурстар немесе гранттар негізінде шетелдік әдебиеттерді аудару мәселесін қолға алып, дінтану, исламтану бойынша шығыс тілдеріндегі материалдарды зерттеу арқылы оқу құралдарын дайындауға мүмкіндік туғызу; орта және жоғары оқу орындарындағы оқу-тәрбие процесі халықтың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда үлкен әлеуетке ие, осы процессті әрқашан басты назарда ұстау арқылы қоғамда дінге байланысты мәселелерге,</p>	<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болыптабылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75 % жаңа болыптабылады); 3) жаңа емес (25 % кем жаңа болыптабылады).</p>	<p>Практикалық ұсыныстары толығымен жаңа. Диссертациялық Қазақстандағы дінтанулық білімді зерттеуге бағытталған отандық дінтану ғылымы саласындағы алғаш рет жазылған ғылыми зерттеу болуының өзі құндылығымен сипаттала отырып, жаңа ізденістерге түрткі бола алады. Сонымен қатар, ізденушінің зерттеу нәтижелерін негізге ала отырып, өзіндік ұсыныстары да үлкен маңыздылыққа ие. Атап өтсек автор келесі ұсыныстарды білдіреді: еліміздің жоғары оқу орындарында дінтануды таңдау пәні ретінде енгізу; арнайы орта білім беру жүйесінде (колледждерде) міндетті блоктың компоненті ретінде дінтану пәнін енгізу; орайда «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнінің жеке пән болу мүмкіндігін қарастыру және сағаттар санын көбейту; дін істері басқармалары, әкімшіліктерде арнайы дінтану, исламтану, теология білім бағдарламаларын меңгерген түлектердің қызмет жасауына аса үлкен мән беру; Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің қаржылық қолдауымен конкурстар немесе гранттар негізінде шетелдік әдебиеттерді аудару мәселесін қолға алып, дінтану, исламтану бойынша шығыс тілдеріндегі материалдарды зерттеу арқылы оқу құралдарын дайындауға мүмкіндік туғызу; орта және жоғары оқу орындарындағы оқу-тәрбие процесі халықтың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда үлкен әлеуетке ие, осы процессті әрқашан басты назарда ұстау арқылы қоғамда дінге байланысты мәселелерге,</p>

			<p>болашақты болжауға арналған ғылыми зерттеулерге басымдық беру. Диссертант тарапынан берілген ұсыныстар диссертациялық жұмыстың практикалық маңыздылығын айқындай түседі және толығымен жана деп бағалауға негіз болады. Зерттеулер мен ізденістерге түркі болатындығы тұжырымымыздың дәйектілігін қуаттай түседі.</p>
10.	Жазу және рәсімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың академиялық жазу сапасы жоғары. Автор теориялық және эмпирикалық мәліметтерді талдауда әдіснамалық негіздерге сүйене отырып, жұмысты ғылыми стильде баяндаған. Диссертация мәтіні ғылыми нормаларға толық сәйкес келеді.</p>

Шешім: «6D020600 – Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Тунгатова Улжан Асқарбаевнаның «Қазақстандағы дінтанулық білім берудің қазіргі жағдайы және даму перспективалары» атты диссертация жұмысы өзекті, тақырыбы айқын, мақсат- міндеттері, толымды ғылыми жаңалығы, маңызды теориялық іргетасы, дәйекті зерттеу нәтижелерімен ғылыми жұмыс талаптарына сай келеді. Осыны негізге ала отырып, Тунгатова Улжан Асқарбаевна 6D020600 – Дінтану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға әбден лайықты деп санаймын.

Ресми рецензент:
философия ғылымдарының докторы, профессор
Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университетінің,
Теология факультетінің деканы

Қолың
ҚАЖАСТАЙМЫН:
Қ.А. Ясауи атындағы
Халықаралық Қазақ-Түрік
университеті
Адам ресурстарын басқару
өлімінің басшысы
22.08.2023 ж.
Д.Т. Кенжетасев

